

**«Шардара аудандық орталық ауруханасы» шаруашылық жүргізу
құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынның кезектен тыс
өткізілген жиналышының**

Х А Т Т А М А С Ы

№9

Шардара қаласы.

«16» мамыр 2023 жыл.

Төрағасы: Басшы - М.Сейтханов
Хатшылықта: Заңгер М.Б.Сулейменов

Қатысқандар: Шардара аудандық орталық ауруханасының бөлім менгерушілері мен аға дәрігерлер.

Күн тәртібінде: Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасымен танысу, сондай-ақ «Жемқорлықтың алдын алу және оны болдырмау» мақсатындағы ақпараттық түсіндірме жұмыстары туралы.

Жиналышта келесі мәселелер айтылды, 2022-2026 жылдарға арналған сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясат тұжырымдамасында сыйбайлас жемқорлыққа тәзбеушілікті қалыптастыруға, сыйбайлас жемқорлық мүмкіндіктерін барынша азайтуға, сыйбайлас жемқорлық үшін жазаның бұлтартпастығын қамтамасыз етуге, азаматтық қоғамды сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға одан әрі ауқымды тарту жөнінде шаралар қабылдауға, Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты мониторингтеуге және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілдеппі органның қызметі бойынша одан әрі жетілдіруге бағытталған нақты реформалар мен жобаларды қамтитын 6 міндеттер блогы қамтылған.

Сонымен қатар, қарамағындағы қызметкерлердің сыйбайлас жемқорлық қылмыстары үшін бірінші басшылардың дербес жауапкершілігі, сыйбайлас жемқорлық фактілері туралы хабарлағаны үшін азаматтарды көтермеледің сараланған жүйесі, сыйбайлас жемқорлық субъектілерінің құрамы кеңейтілгендей, пара бергені және парапорлыққа делдал болғаны, сондай-ақ кәсіпкерлік қызметке заңсыз араласқаны үшін жауапкершіліктің қатаандатылғандығы жөнінде толыққанды ақпарат айттылып өтті.

Жиынға қатысушылар айтылған ескертпелерді толығымен қолдайтындығын және берілген тапсырмаға сәйкес жұмыс жасайтындықтарын жеткізді.

Жиналыш төрағасы

М.Сейтханов

М.Сейтханов

Хатшы: М. Сулейменов

